

"Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 94 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36058 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29187 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграциялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабы 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - ҰБДҚ) қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін белгілейді."

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Білім беру ұйымының басшысы жыл сайын ҰБДҚ толтыру және өзектендіру үшін жауапты адамдарды мынадай тәртіппен айқындайды:

1) "Тіркеу мәліметтері/Білім беру процесі туралы негізгі мәліметтер/Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер/Қосымша мәліметтер/Контингент" бөлімдерін

директордың оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары толтырады. Болмаған жағдайда - басшы айқындайтын адам;

2) "Қызметкерлер" бөлімін штат кестесінде болған жағдайда кадр мәселелері жөніндегі инспектор толтырады. Болмаған жағдайда - басшы айқындайтын адам;

3) "Материалдық-техникалық база" бөлімін директордың шаруашылық ісі-жөніндегі орынбасары толтырады. Болмаған жағдайда - басшы айқындайтын адам;

4) "Кітапхана" кіші бөлімін кітапханашы толтырады. Болмаған жағдайда - басшы айқындайтын адам;

5) "Компьютерлендіру" кіші бөлімін директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары, жүйелік әкімші толтырады. Болмаған жағдайда - басшы айқындайтын адам;

6) "Жатақхана/интернат" кіші бөлімін жатақхана меңгерушісі, директордың шаруашылық ісі-жөніндегі орынбасары толтырады. Болмаған жағдайда - басшы айқындайтын адам."

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК